

Койшыбекова Айжан Кумарбековнаның 8D01501– «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясының

АНДАТПАСЫ

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі таңда заман сұранысына сай жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда, оның мазмұны мен құрылымын, бүкіл бағдар бағытын жетілдірудің қажеттілігі туындауда. Себебі, қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына 2021 жылғы 1-қыркүйектегі жолдауында «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» делінген.

Жаңа Қазақстан жағдайында білім беру сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, жаңа технологияларға педагогикалық көзқарас қалыптастыру, бәсекеге қабілетті маман даярлау, білімгерлердің шығармашылық ойлауын дамыту, білім алушылардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру белсенділіктеріне бағытталған кешенді шараларды талап етеді. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріліп отыруының қажеттілігін туындатады.

Сол себепті, заманауи жоғары білім берудің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыреттілігі дамыған, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыра алатын, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, мақсаттары нәтижелі жұмыс жасауға бағытталған, болып жатқан өзгерістерге, оңтайлы, тез бейімделуге қабілетті, білікті, өзінің ойын еркін айта алатын, шығармашыл ойлы нағыз маман дайындауға бағдарланған.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізінде Еліміздің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 қаулысымен бекітілген міндеттерінің бірі «барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру» болып табылады. Жаңа қоғамға лайықты сапалы да, саналы тұлға, өз мамандығын сүйетін, оның кез-келген сұрағына жауап бере алатын маман даярлау- кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты болып табылады.

Педагогтарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасын В.В.Краевский, В.А.Сластенин, Борытко Н. М, Н.Д.Хмель, Ш.Т.Таубаева, Л. Л.Султанова, А.Е.Абылқасымова, Г.Ж.Меңлібекова, еңбектерінде

қарастырылса, ал Ұ.М.Әбдіғалбарова, Л. Сүлейменова, А.Захарова, Л.В. Хузар және т.б. ғалымдар зерттеулерінде білімгерлердің өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыру мәселелері көрініс тапқан.

Оқытудың кредиттік жүйесін зерттеумен В. Чистохвалов, А.Чучалин, А. Атыханов, Н. Асанов, С. А. Абдиманапов, С.Б.Абдигаппарова, Ж.Д.Дадабаев, А.Құсайынов және басқа зерттеушілер бұл жүйенің негізгі түсініктері мен ережелерін анықтап, жоғары мектеп тәжірибесіне *кредиттік технологияны* енгізуге үлкен үлес қосқан. Авторлар бұл жүйеде маңызды аспектілер олар: оқу уақытын ұтымды пайдалану, білім беру процесіне жаңа педагогикалық әдістерді енгізу, оқу деңгейін жақсарту болып табылатынын атап өткен. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда шешуші маңызы бар студенттердің өзіндік жұмысына ерекше назар аударылған.

Авторлардың пікірінше, студенттердің кредиттік оқыту жүйесі аясындағы өзіндік жұмысы оқу бағдарламасының *барлық көлемінің үштен екі бөлігін құрайды*, ал оны тиімді ұйымдастыру болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыру қабылдауға және шығармашылықпен айналысуға қабілетті әлемдік еңбек нарығында бәсекелестікке дайын мамандарды даярлау үшін негіз болады. Демек, маңызды аспект - студенттердің кредиттік оқыту жүйесінде өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ осы жүйеде бірегей және жүйелі тәсілдердің болуының қажеттілігі.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру мәселелеріне арналған зерттеулерде жоғары кәсіптік білім берудің ажырамас элементі ретінде студенттердің өзіндік жұмысының рөліне көп көңіл бөлінген. Финдік зерттеушілер Э. Кимонен мен Р.Невалайнен өз бетінше жұмыс істеу және белсенді оқыту қазіргі адамдарға қажетті құзыреттерді қамтамасыз ететін оқытудың негізгі нысандары деп санайды.

Шетелдік ғалымдар С. Витвицка, П. Якименко, Л.М. Рыбалко және басқалардың психологиялық-педагогикалық зерттеулерде өзіндік жұмыс пен белсенді оқыту нәтижелеріне көзқарас оқу процесіндегі тәуелсіздік студенттердің оқу қызметі үшін дербес жауапкершілік қабілетін дамытуға ықпал ететіндігі қарастырылған.

Алайда, бұл зерттеулерде әр адамның оқуды табиғи қабылдауын және жекелендірілген тәсілдің қажеттілігін ескере отырып, білім беру процесін саралау және даралау мәселелері жеткіліксіз зерттелгені байқалады.

Сондықтан, ЖОО-да білім беру бағдарламаларына инновацияларды енгізе отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, жан-жақты дамыған болашақ мамандарды

тәрбиелеу өз бетінше оқуға және білім беру дағдыларын дамытуға жағдай жасауды талап етеді.

Болашақ мұғалімдерді даярлау және *математикалық пәндерді оқыту әдістемесі* көптеген ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған, атап айтсақ,

- ресейлік және шет ел ғалымдары: Н. В. Таймербаева, Г.И.Саранцев, Татто М.Т., М.С.Родригес, М Рекейс, П.В.Герасименко, Л.М. Фридман, М.В. Потоцкий, В.А. Далингер, Ю.М.Колягин;

- отандық ғалымдар Б.Б.Баймұханов, А.Е.Абылқасымова, А.К.Кағазбаева, С.М.Сеитова, Б.Р.Каскатаева, О.С.Сатыбалдиев, А.Нугусова, Д.Н.Нұрғабыл, Е.Ж.Смагулов;

Студенттердің өз бетінше оқуын қалыптастыру мәселесі педагогтардың, психологтардың және әдіскерлердің назарын кеңінен аударып, білім беруде өз бетінше оқуды ұйымдастыру және белсендіру әдістеріне қатысты зерттеулер жүргізілген.

Оқыту процесіндегі өзіндік жұмыстың теориялық негіздері келесі ғалымдар еңбектерінде: П. И. Пидкасистий, Б. И. Коротяев, С.И. Архангельский, Ю. К. Бабанский, О.А.Нильсон, Л.С. Выгодский, Я.Г. Гендлер, В. В. Краевский, В. А. Слостенин, В.И.Ермолаева, Воротилкина И. М, Ríos-Rodríguez L. R.(2021) қарастырылған.

Жоғары мектеп дидактикасының тұрғысынан студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру: С.И.Архангельский (1976), А.Е. Абылқасымова (1994), М.В.Буланова-Топоркова (2006), М.Г.Гарунов (1978), И.И.Кобыляцкий (1972), Г.И.Сеитова (1988), Ш.Т.Таубаева (2015), А. С. Орынбекова (2019), А. К. Мыңбаева (2012), С.М.Сеитова (2018) және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Соңғы бес жылдықта мемлекеттік деңгейде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде еуроинтеграциялық бағдарлануды дамыту контекстінде болашақ маманның құзыреттілігін жетілдіру қажеттілігі туындаған. Ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеулерінің нәтижесінде жоғары оқу орындарында нақты пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кәсіби қызметте қабілетті заманауи маманның қалыптасуын қамтамасыз етеді деп санайды. Себебі, студенттердің өзіндік жұмысын нақты пәндер бойынша сапалы ұйымдастыру жоғары оқу орындарында білім беру процесін ұйымдастыру жұмысының басым бағыттарының біріне айналуға.

Өзіндік жұмыс үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалып қоймай, соңғы кездегі тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан да ұйымдастырылуы қажет. Бүгінгі студенттердің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және кәсіптік бағыттылығын қалыптастыратындай деңгейге көтерілуі үшін, өзіндік жұмыс түрлерін, оларды ұйымдастырылу жолдарын, оларға қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін педагогикалық тұрғыда теориялық

және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануды керек етеді.

Қазіргі таңдағы ғылым мен техниканың ғарыштап дамуы жоғары оқу орындарында білім беруде студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу іс-әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады.

Еліміздегі ЖОО-да студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кеңінен қамтылғанмен, инновациялық оқыту жүйесін ендіруге байланысты білім беру парадигмасы өзгерген жағдайда студенттердің өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру мәселесі толық зерттелмегені анықталды.

Жоғары мектеп, мемлекет, қоғам тарапынан болашақ математика пәнінің мамандарының тұлғасы мен кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға қойылатын талаптар және математиканы оқыту жүйесіндегі студенттердің өзіндік жұмыстарының маңызының артуы оны тиімді ұйымдастыруды қажет етеді.

Алайда, математиканы сапалы оқыту жүйесінде өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға қатысты нақты ғылыми-әдістемелік еңбектердің жеткіліксіздігі, оны ұйымдастырудың педагогикалық шарттарының ғылыми тұрғыдан негізделмеуі және қазіргі кредиттік оқыту жүйесінде болашақ мамандардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру қажеттігі арасында қарама-қайшылықтар бар екені анықталды:

- студенттердің өзіндік жұмысын **ұйымдастыруға қоғамның талабы** мен оны басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мәселесінің **зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі** арасында;

- кредитті технологиядағы өзіндік жұмысты өткізудің мақсаты мен студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мақсаты арасындағы сәйкессіздігі;

- ЖОО-да студенттің өзіндік жұмыстарын **нәтижеге бағдарлануы мен оларға қойылатын педагогикалық шарттардың толыққанды құрылмауы** арасында.

Қарастырып отырған қарама-қайшылықтар, оның теория мен практика жүзінде жеткілікті зерттелмеуі, зерттеу жұмысының тақырыбын «Жоғары оқу орнында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» деп алуға ықпал етті.

Зерттеу мақсаты: жоғары оқу орнында математикалық пәндер бойынша қоғам сұранысына сай өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіруді теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орнында математикалық пәндерді оқыту процесі.

Зерттеу пәні: жоғары оқу орнында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды қоғам сұранысына сай жетілдіру.

Зерттеу жұмысының болжамы: егер, жоғары оқу орнында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру қоғам сұранысына сай жетілдірілсе, оларды жүзеге асыру әдістемелік негізделіп, оқыту процесіне ендірілсе, **онда** оқытудың теориялық және әдістемелік жеткілікті деңгейін қамтамасыз ете аламыз, **өйткені** өзіндік жұмыс студенттердің білім сапасының артуына ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– жоғары оқу орындарында өзіндік жұмысты ұйымдастырудың психологиялық -педагогикалық аспектілерін анықтау;

– жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері және қойылатын талаптарды анықтау;

– студенттердің белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың моделін құру;

– математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесін әзірлеу;

– математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесінің іске асырылуын экспериментальды тексеру.

Мақсатқа қол жеткізу және қойылған міндеттерді шешу үшін мынандай **зерттеу әдістері** пайдаланылды:

- *теориялық зерттеудің жалпы ғылыми әдістері:* ЖОО-да математикалық пәндерді оқыту процесінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыздандыру проблемасы бойынша теориялық материалдарды жинау және талдау және әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, алынған нәтижелерді классификациялау және жалпылау.

- *әлеуметтік зерттеу әдістері:* математика пәні оқытушыларының сабақтарына қатысу, оқытушылармен, студенттермен, магистранттармен ауызша және жазбаша әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тестілеу.

-*эмпирикалық зерттеу әдістері:* зерттеу болжамын растау үшін педагогикалық эксперимент жүргізу, статистикалық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, эксперимент нәтижелерін талдау және өңдеу.

Зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздерін:

- алыс және таяу шетел ғалымдары Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, П.И.Пидкасистый, Л.В.Усова т.б. өзіндік жұмыс түрлерін жан-жақты зерттеген;

-жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін Г.Ахметова, Н.Асанов, А.К.Садыкова, К.Л.Гончарова қарастырды;

-жоғары мектеп дидактикасының тұрғысынан студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың мәнін ашуға А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И.Кобыляцкий, Р.А.Низамов еңбектері арналған;

-өзіндік жұмысты оқу процесінде жүйелі түрде қолдану қажеттігі және жүйелік әдістің тиімділігі мен аспектілері У.Абдукаримова, В.К.Буряк, Т.Т.Галиев, Е.Я.Голант, К.Дүйсенбаев, Б.П.Есипов, Р.М.Микельсон, Е.С.Саблик, М.Н.Скаткин және т.б еңбектерінде негізделген;

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартын, «Педагог» кәсіби стандартын, мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын, білім беру саласына қатысты құжаттарды зерттеу, зерттеу мәселесіне байланысты философтардың, психологтардың, математиктердің және педагогтардың еңбектері, типтік оқу бағдарламасы, оқулықтар, оқу – әдістемелік құралдар, соңғы ғылыми және әдістемелік тәжірибелер.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– жоғары оқу орындарында өзіндік жұмысты ұйымдастырудың психологиялық -педагогикалық аспектілері негізделінді;

– жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері және қойылатын талаптары анықталды;

– студенттердің белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың моделін құрылды;

– математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі әзірленді.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы: ЖОО студенттерінің білім сапасын жақсарту үшін негізделген өзіндік жұмысты ұйымдастыруды жетілдірудің қоғам сұранысына сай болуы және математикалық пәндерді оқыту жоғары педагогикалық білімнің негізгі талаптарына сәйкес келуі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеу «БВ015- Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағытындағы «Математика» және «Математика және информатика» білім беру бағдарламасы дайындығындағы магистранттар мен докторанттар пайдалана алатын материалды қамтиды. Диссертациялық зерттеуде математика пәндерін оқытуда ұйымдастырылатын студенттердің өзіндік жұмыстардың қазіргі заманғы талаптарға сай проблемаларды, негізгі процестері мен ерекшеліктері қарастырылады.

Ұсынылған студенттердің белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың моделі магистранттарға,

докторанттарға және математикалық пәндердің жас оқытушыларына әдістемелік көмек көрсете алады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі және негізділігі: зерттелетін мәселе бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдаумен; зерттеудің ғылыми әдістер кешенін қолданумен, теориялық және эксперименттік түрлерін ұтымды үйлестірумен; жүргізілетін эксперименттік зерттеу нәтижелерін растайтын статистикалық әдістерді математикалық өңдеуді пайдалана отырып жүргізуімен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмысты ұйымдастырудың психологиялық -педагогикалық аспектілері зерттеудің теориялық негізі болады;
2. Жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері және қойылатын талаптар зерттеудің әдістемелік негізі бола алады;
3. Математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі, педагогикалық білімнің негізгі талаптарына жауап береді;

Зерттеу базасы: эксперименттік зерттеу І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті және І.Жансүгіров атындағы ЖУ жанындағы біліктілікті арттыру орталығында жүргізілді.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетін зерттеудің негізгі кезеңдері 2020-2024 жылдар аралығында үш уақыт кезеңіне бөлінді. Эксперименттік қызмет білім беру процесінде жүргізілді және келесі кезеңдерді қамтыды:

1. Бірінші кезеңде (2020-2021) мәселенің әртүрлі аспектілеріне арналған оқу және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды. ЖОО-да математикалық пәндерді оқытуда студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға талдау жүргізілді. Әдебиеттерді теориялық талдау және айқындау эксперименті барысында алынған деректер зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтауға, сондай-ақ жұмыс болжамын жасауға негіз болды.
2. Екінші кезеңде (2021-2022 жж.) Математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі және студенттердің белсенділігі мен дербестігін дамытуға бағытталған өзіндік жұмысты ұйымдастырудың моделі әзірленді.
3. Үшінші кезеңде (2022-2023 жж.) Зерттеу теориялық мәселелері нақтыланып, эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында математикалық пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі сынақтан өткізілді. Алынған теориялық және эксперименттік нәтижелер

өңделді, қорытылды, оның тиімділігі дәлелденді, оқыту процесіне енгізілді.

Зерттеудің мақұлдануы және тәжірибеге енгізілуі:

- зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері І.Жансүгіров атындағы ЖУ , физика - математика бағытындағы ББ бағдарламасының ғылыми-әдістемелік семинарларында тыңдалып, талқыланды, сондай-ақ «Студенттердің математикалық пәндерден өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі» оқу құралында өз көрінісін тапты. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің (Қазақстан, Алматы қ.) физика, математика және цифрлық технологиялар институтының математика кафедрасында ғылыми тағылымдамадан өту кезінде баяндалды;

- 2023 жылдың 2 мамыр мен 13 мамыр аралығында І.Жансүгіров атындағы Білім беру басқармасы жанындағы Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығымен бірлесіп Талдықорған қаласы мен Алматы облысының жалпы білім беретін мектептерінің математика мұғалімдеріне арналған «Математикалық пәндерден өзіндік жұмысты ұйымдастыруда жоба әдісін қолдану» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылып (36 академиялық сағат) өткізілді.

Жарияланымдар. Диссертацияның негізгі мазмұны отандық, шетелдік ғылыми кеңесшілермен бірге ҚР ҒжЖБМ Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар және халықаралық ғылыми тәжірбиелік конференциялар материалдарында жарияланған, барлығы 14 ғылыми еңбек.

1. SCOPUS базасында жарияланған ғылыми еңбектер-1 (процентиль-79, Quartile-Q1);
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда жарияланған ғылыми еңбектер-3;
3. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарындағы жарияланған ғылыми еңбектер- 4;
4. Шет елдік рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми еңбектер- 3;
5. Университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы-1;
6. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге мемлекеттік тізілімге мәліметтер енгізу туралы куәлік- 1.

Диссертация құрылымы мен мазмұны: Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, қысқартулар, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымша материалдардан тұрады.

Kipicpede зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық - әдіснамалық негіздері, зерттеу кезеңдері мен әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы, теориялық пен практикалық маңыздылығы және қорғауға ұсынылған қағидалар, зерттеу жұмысы нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі қарастырылған.

«Жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері» атты *бірінші бөлімінде*: 1) Өзіндік жұмыстың мәні және оның студенттің тұлғалық қалыптасуындағы орны, 2) Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмысты ұйымдастырудың психологиялық -педагогикалық аспектілері, 3) Жоғары оқу орнында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері айқындалды.

«Жоғары оқу орындарында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдістемесі» атты *екінші бөлімінде*: 1) Жоғары оқу орынында математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысқа ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен педагогикалық шарттары, 2) Математикалық пәндер бойынша ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың компоненттерін бағалаудың критерийлері, 3) Математикалық пәндер бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру және бағалаудың әдістемелік жүйесі ұсынылды.

«Математикалық пәндерден студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімділігін негіздеу» атты *үшінші бөлімінде*: 1) Өзіндік жұмыс деңгейлері мен математикалық пәндер бойынша студенттердің үлгерімі арасындағы тәуелділікті анықтау, 2) Өзіндік жұмысты ұйымдастыру әдістемелерінің тиімділігін зерттеу нәтижелерін статистикалық өңделді.

Қорытындыда диссертациялық зерттеу жүргізу бойынша негізгі нәтижелер, сондай-ақ оларды педагогика және математиканы оқыту саласындағы зерттеулерде одан әрі пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар, одан әрі зерттеу перспективасы тұжырымдалған.

Диссертациялық зерттеу жүргізу барысында 150 атаудан тұратын *әдебиеттер* пайдаланылды.

Қосымшада зерттеу барысында әзірленген материалдар ұсынылған.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жанындағы Біліктілікті арттыру орталығы білім беру процесіне зерттеу нәтижелерін енгізу актілері ұсынылды.